

*М. С. Смаханов, қылмыстық процесс кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)*

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің ведомстволық оқу орындарында білім берудегі қазіргі мәселелері

Аннотация: Мақалада ведомстволық білімнің қазіргі мәселелері қарастырылған. Автор Қазақстан Республикасы ПМ-нің жоғары оқу орындарында білімнің сапасының көтермелеуі және жоғары оқу орындарының қызметін жетілдіру бойынша шаралар ұсынады.

Түйін сөздер: электрондық оқулық, оқытудың компьютерлік құралдары, ғылыми-техникалық технологиялар, электрондық желі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен ХХІ ғасыр — ақпараттандыру ғасыры деп аталады. Қазақстан Республикасын да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі — қоғамды ақпараттандыруға болатын жаңа кезеңіне енді. Елбасымыздың өткізген интерактивті сабағының өзі келешек ұрпақты ынталандырып, жігерлендіріп, еліміздегі жылдан-жылға жоғары қарқынмен дамып келе жатқан жаңа ақпараттық технологияларды меңгеріп, үздіксіз білім алу керек екендігіне көз жеткізді. Мұнда әрбір пән оқытушы жаңа сабақта электрондық оқулықтарды, оқу құралдарын тиімді қолдана алуы тиіс деген мәселе қаралды [1].

Қазіргі кезде әрбір сағат сайын жаңарып жатқан ақпарат пен білімнің тасқынынан өзімізге керектісін іріктеп алу — оны ыңғайына қарай қолданысқа және мамандыққа енгізу мәселесі күн тәртібінен түспеуі керек. Сондай-ақ жаңаша ойлауды да ұмытпауды еске сала келіп, бұл үшін жаңа әдістемелер, оқыту формалары қажеттігін айтты. Осыған байланысты білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады.

Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі болып — оқу процесін электронды оқулық немесе оқытудың компьютерлік құралдарын жасау және пайдалану. Оқу процесінде компьютерлік оқулықтар, есептер жинақтары, энциклопедиялар, тестілеу мен бақылау, анықтамалық жүйелер және басқа да оқу компьютерлік құралдар кеңінен қолданыс табууда. Жалпы білім берудің ақпараттық технологиялары дәстүрлі оқыту әдістері мен тәсілдерінде кейбір педагогикалық мәселелерді шешудің жаңа құралдары ретінде пайданылады [2].

Дегенмен, компьютерсіз оқыту құралдарын толығымен алмастыра алмайды. Шындығында дәстүрлі құралдардың тиімді тұстарын ала отырып, оқытудың жаңа сапалық деңгейіне алып келеді.

Білім берудің саласында «Электрондық оқулықтарды және оқу құралдарын» пайдалану оқытушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек оқытушының айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Соның нәтижесінде білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыс жасауына кең мүмкіндік ашылады деуге болады.

Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электронды оқу құралдарының атқаратын рөлі зор. Онда пәндегі теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сұлба тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсініп және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалды қорыту үрдісі ұтымды болады.

Қазіргі кезде негізінен білім жүйесінің барлық сатылары үшін электронды оқулықтар және оқу құралдарын жасаумен шұғылданып келеді. Электронды оқулық және оқу құралдары білім алушы үшін дайын материал. Электронды оқулықтармен және оқу құралдарымен жұмыс істеу әрбір білім алушының өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізу болып саналады.

Оқытушы үшін электронды оқулық пен оқу құралы бұл күнбе-күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады.

Электронды оқулықтың және оқу құралдарының құндылығы әрине, оның тақырыптық мазмұнында. Егер оқулық кейін сынақ не емтихан тапсырылуы тиіс пәннен болса, онда бір материалды үш түрлі құрылымда берген жөн:

1. Мазмұндау мәтін, сурет, кескін, кесте, график т. с. с. түрінде беріледі. Сонымен кодтар мұнда, карапайым оқулықта мүмкін емес, анимация, видео, дыбыстық эффектілер сияқты компьютерге тән элементтер орын алуы мүмкін.

2. Схемокурс — оқулықтың мазмұнын қысқартылған мәтін кесте түрінде бейнелеу. Бұл оқу материалының құрылымын, ондағы негізгі идеяларды түсінуге септігін тигізеді. Оқулық мазмұнын графикалық образдар арқылы бейнелеу мазмұнды ассоциативті түрде есте сақтауда үлкен көмек береді.

3. Өзін өзі бақылаудың тесттік жүйесі — оқу материалының мазмұны арнайы интерактивті жүйені пайдалану арқылы сұрақтар мен жауаптар түрінде беріледі. Тесттік жүйе көбіне алынған білім деңгейін тексеруге арналғандықтан, пайдаланушы үшін оқулықтың ең қызықты бөлігі болып табылуы да мүмкін. Әрине, мұндай жүйе оқулықтың авторлары құрған тесттер қорынан тұрады.

Білім беруді ақпараттандыруға кейбір ұсыныстар:

– оқу-тәрбие процесіне жаңа ақпараттық технологияны енгізуді қамтамасыз ету бойынша ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстарын жүргізу;

– оқу жүйесі бойынша жасақталатын жалпыға міндетті білім стандарттарының және оқу-әдістемелік кешендерінің мазмұнын ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндіктерімен жетілдіру білім беруді басқаруда ақпараттық жүйені құру;

– білім беру мекемелерінің қызметкерлері үшін программалық-техникалық құралдарды қамтамасыз ету және мультимедиялық программаларды, электрондық оқулықтарды, оқу құралдарын жасақтау.

Электрондық оқулықтың, оқу құралының мазмұны білім алушының интеллектілік ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы қажет және оның мына қасиеттерді қанағаттандыруы жеткілікті: жинақтылық, жүйелілік, эстетикалық көркемділігі, жылдамдылығы және т. б.

Электрондық оқулықтар мен оқу құралдарын тәжірибемен байланыстырып ара қашықтықтан оқыту формаларын негіздеп жасақтау және оны жүзеге асыру үшін қолданылу. Осы уақытқа дейін бақылаушы, жаттықтырушы, модельдеуші, дидактикалық ойындар сияқты қолданбалы программалар қолданылып келеді.

Оқытудың электрондық құралдары білім саласының ғылымы мен тәжірибесіне сәйкес, білім алушылар мен курсанттардың білімді шығармашылық және белсенді түрде меңгеруін қамтамасыз етуші жүйеленген материалы бар электрондық құрал болып табылады.

РЕЗЮМЕ

В статье проведен анализ современных проблем ведомственного образования. Автором предложен ряд мер, направленных на повышение качества образования в высших учебных заведениях МВД Республики Казахстан, а также совершенствование деятельности самих учебных заведений.

RESUME

The article analyzes the problems of modern departmental education. The author suggests a series of measures aimed at improving the quality of education in higher education institutions Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, as well as the improvement of the educational institutions themselves.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.
2. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары. — 2006. — № 5. — 3-5 бет.